15. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы. "Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 1 наурыздағы № 56 бұйрығы

II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету

1. «Қазіргі жағдайда (заманауи) сынып сағаттарын ұйымдастыру» Әдістемелік ұсынымдар.– Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022 -116 б.
2. Орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың тәртіп бұзушылығы кезінде әрекет ету алгоритмі – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 43 б.
3. Жол қозғалысының қауіпсіздік негіздерін оқыту бойынша бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022. – 42 б.
4. Орта білім беру ұйымдарында жаңа форматтағы ата-аналар жиналысын өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022. – 67 б
5. Темекі шегудің алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 41 б.
 6. «Орта білім беру ұйымдарында Республика күнін өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар» – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022. – 30 б.
 7. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат.–Астана:Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА,2023.–111с.

12.4. Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік- эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

1. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

2. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Өр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішігі ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;

- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:

- баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

Ұсынылады:

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;

- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;

- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;

- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;

- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;

- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;

- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Арқан тартыс, Алтыбақан, Белдесу, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас)

Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;

- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;

- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;

- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;

- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

•

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере

отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (меңгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);
- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- аптасына бір рет сынып сағаттарын өткізу.

Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу.

2022-2023 оқу жылының тәрбие жұмысына талдау.

Орта білім беру ұйымындағы тәрбие жұмысының басты міндеттерінің бірі – еліміздің болашағының біртұтас іргетасын және жалпыазаматтық біріктіруші мақсат жүйесінің негізін құратын жаңа идеологиялық тұжырымдама «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы мен Патриоттық Актісін жүзеге асыру болып табылады.

«Мәңгілік Ел» – ұлттық сана-сезім мен отаншылдықтың дамуының жоғары деңгейіндегі, инновациялық экономика жағдайында табысты еңбек ететін, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін тәрбиелеу. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы құндылықтарының қоғамдық санада, білім беру және тәрбие жүйесінде бекуін қамтамасыз ету керек.

Осыған орай оқу жылының басында жаңа оқу жылына арналған тәрбие жұмысының 8 бағыты бойынша жоспар түзіліп, түзілген тәрбие жоспарының негізінде мектептің «Мектепішілік тәрбие жұмысының әдістемелік тақырыбы» нақтыланды:

Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру.

Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

Мектептегі Тәрбие жұмысының бағыттары:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы «22» сәуірдегі № 227 бұйрықпен бекітілген.

2. Мемлекеттік органдар, мекемелер, қоғамдық ұйымдар, ата-аналармен бірлескен жұмыс жүргізу. **ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ.**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

2. Рухани-адамгершілік тәрбие

3. Ұлттық тәрбие 4. Отбасы тәрбиесі

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие 6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие 7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі 8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады.

Бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие.

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

Мектептегі тәрбие саласының жұмысы «Алғашқы қоңырау» мерекелік іс-шарасын өткізу туралы бұйрық шығарылып іс-шара жоспары түзіліп, жауапты мұғалімдер бекітілуімен басталды.

Салтанатты жиынға адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдіскері Қарсыбаева Гүлжан апай, ауыл биі Тлегенов Мұрат, ардагер ұстаз әрі ата-ана ретінде Жолтаев Әбдісаттар және мектептің ата-аналар комитетінің төрағасы Т. Сарбасов қатысты.

Салтанатты жиынды мектеп директоры Қ. Қаратаев ашып өткен оқу жылына талдау жасап, жаңа оқу жылындағы міндеттер мен мақсаттарды айқындап берді.

Сынып сағаттарында оқушылардың психологиялық және жас ерекшеліктері ескеріліп, олардың рухани жағынан толысуына, мәдени, танымдық қызығушылықтарының артуына және олардың сын тұрғысынан ойлау мәселелеріне баса назар аударылды.

Сынып сағаттарын өткізу кезінде тәрбиенің жаңа технологиялары мен белсенді формалары пайдаланылды.

Мектептің ішкі тәртіп ережесіне сәйкес барлық оқушы арнайы бекітілген бірыңғай үлгідегі мектеп формасын киюге және сабаққа кешікпей келу мен сабақтан сағаттарын себепсіз жібермеу мәселесі басты назарға алынған. Балаларды тәрбиелеу мен оқытудың жаңа сипаттарын ендіру мақсатында тәрбие саласы өз жұмысын атқарды.

Аудандық деңгейде ұйымдастырылған «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиынына мектептің 10 және 11 сынып оқушылары қатысып жүлдегер атанды.

Жас ұрпақ бойында патриоттық сезімдерді қалыптастыру бағытында 2-3 сыныптарда «Менің Отаным - Қазақстан» тақырыптарында ашық тәрбие сағаттары ұйымдастырылып өткізілді. Тәрбиелік іс шаралардың негізгі мақсаттары оқушылар бойына патриоттық сезімді қалыптастыру, туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыру және жалпыұлттық қасиетті ұғымдарды бойларына сіңіру болып табылады.

Мектепте «Жасөспірімдер мен жастар арасында деструктивті ағымдардың алдын алу» іс шарасы бойынша облыстық дін істері басқармасына қарасты «Дін мәселелерін зерттеу Орталығы» мекемесінің теолог мамандары: Аппазов Ғазиз және Заманханов Бауыржан мектеп қабырғасына келіп, баяндама жасап, теріс ағымдағы діни бағыттар жайында баяндады. Аталған кездесуге мектептің 9–10–11 сынып оқушылары қатысып, өз көкейлерінде жүрген сауалдарына толыққанды жауаптар алды.

Мектептегі қиын және құқық бұзуға бейім балаларды анықтау, есепке алу, қолайсыз отбасыларды анықталып тізімі құрылды. «Өмір маған қымбатсың» 8-9 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізілді медбикелермен бірлесіп хаттама түзілді. Денсаулық сабағы «Алкоголь және оның әсері» 8–9 сыныптар арасында медбикелермен бірге өткізілді.

Мектеп оқушыларының қоршаған ортасының дамуына бақылау мониторингиін жасау. 5 а,б-6 сыныптарында сауалнама жүргізілді. 8 – 11 сынып оқушылар арасында «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында Дөңгелек үстел өткізілді.

Желтоқсан айында АҚТҚ күніне әкімшіліктің апталық іс-жоспарын бекіттік. Іс-шара барысында АҚТҚ жайында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Медбике Э. Тастанова АҚТҚ дегеніміз не? тақырыбында баяндама оқып, бейнеролик дайындағаны көрсетілді. Апталық барысында «АҚТҚ-ға қарсымыз!» Қабырға газеті байқауы ұйымдастырылды. Белсене қатысқан сыныптар мақтау қағазымен марапатталды. 8-11 сыныптарда жыныстық тәрбие және АИТВ,ЖИТС; ЖЖБЖ психологиялық кеңестер, ағарту жұмыстары және «Есіркіге, темекіге, ішімдікке жол жоқ» деп айтудың жүз тәсілі психологтар тарапынан жүргізілді. АҚТҚ жұқтыру қаупінің дәрежесі тақырыбында тест алынып, әлеуметтік мәртебесі бар оқушыларға картотека арналды, сынып жетекшілері тарапынан құжаттар жиналды.

Мектепте «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмысы ұйымдастырылып, ол Рухани- адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасы аясында Тұжырымдамалық тәрбиелеу негіздеріне сәйкес дайындалған жалпы орта білім беру бағдарламасы бойынша оқитын балаларға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыруды қамтитын тәрбие жұмысын жүргізу тәртібін қамтыды. «Адал Ұрпақ» стенді жасалды. «Парасатты азамат» бұрышы жасалып ұйымдастырылды.

«Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» тақырыбында оқушылардың салған суреттерінен көрме ұйымдастырылды.

«Қазақстан-құқықтық мемлекет» айлығы ұйымдастырылды. Елдің сайлау құқығы ұстанымына сәйкес «Сынып басшысын сайлау» сюжеттік-рольдік ойын «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының негізгі міндеттері мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады. Осындай міндеттерді негізге ала отырып мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-әрекеттерді болдырмау болып табылады.

Екінші бағыт – Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты:Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында таяу жылдардағы міндеттердің бірі ретінде жергілікті нысандар мен елді мекендерге бағытталған «Туған жер» бағдарламасы аясында мектептің 9, 10 сыныптары облыс орталығы Түркістан қаласына «Туған жерге тағзым» атты экскурсия ұйымдастырып саяхат жасап қайтты.

Аталған экскурсия оқушылар бойына патриоттық сезімді қалыптастыру, туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыру және жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіру болып табылады.

Ұстаздардың біліктілігін арттыру және оқушыны отансүйгіштіктің қазақстандық моделін қалыптастыруға баулу, туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыру, шығармашылық қабілеттерін шыңдау, өнерін дамыту, талант иелерін анықтау және оларды қолдау мақсатында ұйымдастырылған «Төлеби таланттары» атты байқауға мектептің саз пәнінің мұғалімі Мұстафаев Нұржан мен шәкірті үшінші сынып оқушысы Сапарбай Айзере қатысқан болатын. Қатысушыларымыз жақсы өнер көрсетіп «Көрермен көзайымы» атты номинацияның иегері атанып қайтты.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған іс-шара жоспары түзіліп, ұйымдастырылып өткізілді. 1 «а» сыныбы, сынып жетекшісі Султанова Б, 2 «б» сыныбы, сынып жетекшісі Егизекова Ж, 3«а» сыныбы, сынып жетекшісі Жауынбаева Ж ашық тәрбие сағаттарын өткізді.

Мереке қарсаңында «Ел болашағы-Жасұлан» ұранымен «Жас ұлан» қатарына 33 белсенді оқушы және «Жас қыран» қатарының мүшелігіне 14 белсенді оқушылар салтанатты түрде қабылданды. Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие

Мақсаты:Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу.

Ұлттық салт-дәстүр мен әдет ғұрпымызды жас ұрпаққа насихаттау мақсатында бастауыш сынып оқушылары мен ата аналар арасында «Әжелер сайысы» ұйымдастырылып өткізілді. Жоспарға сәйкес ұлтымыздың салт-дәстүрін насихаттау мақсатында «Намысты бермеу үшін жатқа қолдан, арулар аз болды ма атқа қонған...!» тақырыбында «Көктем аруы-2022» қыз сыны байқауы өтті.

Төртінші бағыт - Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Жыл бойына ата-аналармен алты рет кездесу ұйымдастырылып, бірнеше бағыт бойынша түсіндіру , кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Мектепте бала тәрбиесіндегі ата аналардың ролін арттыру бағытында «Ата аналар кеңесін» құру мәселесі талқыланды. Ата-аналармен ұлттық құндылықтарымызды насихаттау бағытында іс шаралар ұйымдастыру жағы қарастырылды. Ата аналар кеңесінің негізгі міндеті – «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» қағидасын ұстана отырып отбасындағы ата ана үлгісін қалыптастыру, отбасын алтын дінгекке айналдыру ұғымы түсіндірілді.

Ер балалар мен қыз балалар тәрбиесін ұйымдастырудың физиологиялық психологиялық және этнопедагогикалық негіздері бойынша жұмыстар жасау. Отбасы тәрбиесінің ережесін жасақтау. Әкенің, ананың, баланың отбасылық, қоғамдық әдеп нормаларын қалыптастыру.

Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасының мақсаты - біртұтас ұлттың бәсекеге қабілетті, сындарлы, күшті, шығармашылық, патриот және белсенді тұлғасын қалыптастыру, жетістікті болашақтың іргетасы тәрбие мен білім беру салты болып табылатындығы туралы ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізілді, сонымен қатар базалық бағыттар мен олардың мақсаттарына тоқталды.

Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

Әр ай сайын мектеп ауласы таза ұстау мақсатында сенбіліктер ұйымдастырылып отырса, сынып бөлмелерін таза ұстау үшін апта сайын тазалық күндері өткізіліп отырды. Қоғамға пайдалы еңбек бойынша жүргізілген тазалық жұмыстары сынып журналдарына жазылып тіркеліп отырды. Аталған жұмыстардың барлығы мектеп әкімшілігі тарапынан қадағаланып отырды.

Мектеп айналасын көріктендіру бойынша мектеп табалдырығын жаңадан аттаған бүлдіршіндерді еңбекке баулу және экологиялық тәрбие беру мақсатында мектеп аумағына қарасты жолдың бойына орналасқан олеядағы Кеңес Одағының батыры Қосан Мамытовтың ескерткіші айналасына мәдени ағаштарды отырғызуда бірінші сынып оқушылары түгел қатыстырылды. Отырғызылған мәдени ағаштарды күтіп баптау бірінші сынып оқушылары мен мектептің ең белсенді 8 «а» сыныбына жүктелді.

Алтыншы бағыт - Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік құру.«Құрайыш» мешітінің имамы Жарасов Бейсенғали мектептің сегізінші, тоғызыншы, оныншы және он бірінші сынып оқушыларының кездесуі ұйымдастырылды. Кездесуде негізінен көтерілген мәселелер жасөспірімдер арасындағы өз-өзіне қол жұмсау (суицид), діни экстремизм мен терроризм, Қазақстандағы діни ахуал және жат ағымдағы діндер туралы оқушыларға жан- жақты ақпарат пен түсініктемелер берілді.

Оқушылар тарапынан берілген сұрақтарға нақты және толыққанды жауаптар берілді. Жұма намазы туралы берілген сұраққа оқушының бірінші міндеті сабақ оқу, сабақтан жұма намазды желеу етіп келмей қою ислам дініне қайшы келетіндігі туралы да айтылды. Ғаламтор желісінде тек қана «Муфтият. KZ» сайтына ғана кіруге болатындығы да сөз болды.

Жетінші бағыт - Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

Оқушылар бойына патриоттық сезімді қалыптастыру, туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыру және сонымен қатар сурет пен қолөнерге деген қызығушылық сезімдерін арттыру мақсатында «Менің сүйікті Отаным» тақырыбында қолөнер және сурет көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің ең басты мақсаты оқушылар бойында эстетикалық талғамдарды қалыптастыру болып табылады.

Мектептің 1-4 сыныптары күзгі жапырақтардан әртүрлі кескіндер мен бейнелерді жасау арқылы табиғатқа деген өз жанашырлықтарын білдіре алған. Аталған жұмыстарды жасауды үйретіп арнайы көрме ұйымдастырған сурет пәнінің мұғалімі Б. Биболова.

Сегізінші бағыт - Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты:Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Салауатты өмір салты, дене дамуы мен психологиялық тұрғыда денсаулықты сақтау дағдыларын ойдағыдай қалыптастыру, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау мақсатында дене тәрбиесі, салауатты өмір салты қағидаттарын ұстану саласы бойынша бұқаралық спорт түрлерінен мектепте «Денсаулық күні» сайысы ұйымдастырылып өткізілді. Мектептегі Денсаулық фестивалі «Біздің денсаулығымыз өз қолымызда» тақырыбында өткізілді.

Оқушы жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру және насихаттау мақсатында және сонымен қатар бұқаралық спорт түрлеріне жастарды тарту мен қызықтыру мақсатында мектеп қабырғасында Денсаулық фестивалі аясында «Болашаққа дені сау ұрпақпен!» атты спорттық іс шара өткізілді.

Іс шараға оқушылар спорттың 100 м. және 400 м. жүгіру, кермеде тартылу және бір орыннан ұзындыққа секіру түрлерінен қатысты.

Іс-шара соңында мектептің ұл балаларынан құралған футбол командалары өзара сынға түсті.

1-4 сыныптар аралығында «Салауатты өмір салтын сақтау-болашақты жақтау», 5-11 сыныптарда

«Ішімдік ішу-өзінді құрту», 5-8 сыныптар арасында «Никотин және спорт», 9-11 сыныптар арасында «ЖИТС ауруынан қорғанудың жолы салауатты өмір салтын қолдау» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. Мектептегі өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Жастар салауатты өмір салтын қолдайды» тақырыбында сыныпаралық спорттық сайыс ұйымдастырылып өткізілді. «Жас ерекшелік гигиенасы» тақырыбында мектеп мейірбикесі 7-11 сынып оқушылары арасында ақпараттық насихат жұмыстарын жүргізді. «Маскүнемдік пен нашакорлықтың әлеуметтік зардабы» мектеп оқушылары тақырыбында рефераттар мен баяндамалар дайындады.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік мерекесіне орай оқушы жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру және насихаттау мақсатында және сонымен қатар бұқаралық спорт түрлеріне жастарды тарту мен қызықтыру мақсатында мектеп қабырғасында «Болашаққа дені сау ұрпақпен!» атты спорттық іс шара өткізілді.

Жарыс нәтижесі бойынша жеңімпаз оқушылар мақтау қағаздарымен және ынталандару сыйлықтарымен марапатталды.

Аталған спорттық іс шараны дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдері Бекбергенов Аязбай және Құлбаев Біржанның атсалысуларымен ұйымдастырылып өткізілді.

Ұлт саулығына бағытталған «Елдің мықты тірегі – дені сау ұрпақ» атты спорттық іс-шаралар жоспары түзіліп, спорттың футбол, ұлттық ойын түрі тоғызқұмалақтан және дойбы ойынынан жарыстар ұйымдастырылып өткізілді. Жеңімпаз командалардың барлығы да мақтау қағаздарымен марапатталды. Атап айтқанда: волейбол ойыны түрінен облыста жүлделі ІІІ орынмен 7 сынып оқушылары, ауданда ІІ орынмен ІІІ сынып оқушылары, жүлделі І орынмен 7 сынып оқушылары марапатталды.

Дойбы ойынынан нәтижелер келесідей болды: ІІІ орынмен 5 «а» сыныбы, ІІ орынмен 6 «а» сыныбы, жүлделі І орынмен 6 «б» сыныптары марапатталды.

Халқымыз қыз баланың тәлім-тәрбиесіне аса мән берген. Осыған орай мектепте «Қызғалдақ» қыздар ұйымы жұмысын атқарып келеді. Ұйымның негізгі жұмыс бағыты қыз баланың бойында сыпайылық, мейірбандылық, адалдық, сезімталдық және еңбекқорлыққа тәрбиелеу және осы аталғандарды қыз бала бойында қалыптастыру. «Қызға қырық үйден тиым», «Қыз – қылығымен көрікті», «Қыз еркем – кестесімен көркем» «Ана көрген тон пішер» тағы да басқа тақырыптарда пікірталас, сайыстар ұйымдастырылды. «Қыз баланың жеке басының гигиенасы» тақырыбында мектеп медбикесімен бірлескен қыздар жиналысы өткізілді. Осыған орай мектеп дәлізінде ұлдар мен қыз балаларға арналған ережелер ілінген. «Қыз сыны» байқауы жоғары дәрежеде ұйымдастырылып өткізілді.

Мектептегі ұлдар тәрбиесін жолға қою және олардың бойында жігерлілік пен патриоттық рухты қалыптастыру мақсатында құрылған «Азамат» ұлдар ұйымы өз жұмысын ойдағыдай атқарып келеді. Жыл бойына мектеп ұлдарының арасында әлімжеттік пен зролық-зомбылықты болдырмау және оның алдын алу мақсатында үнемі түсіндіру, тәрбиелік мақсаттағы кеңестер беріліп отырды.

«Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар» тақырыбында ұлдар жиналысы өткізілді. Құқық бұзушылықтың алдын алу және болдырмау үшін «Бұзақылық бізге жат» атты баяндама оқылды. Әлеуметтік желілердің пайдасы мен зияны туралы да пікірталастар ұйымдастырылды. Әр айда түрлі тақырыптардағы пікірталастар мен сайыстар өткізіліп тұрды. 8-10 сынып оқушылары арасында «Жігіт сұлтаны» байқауы ұйымдастырылып өткізілді. Мектеп психологімен бірлесе отырып ұл балалардың психологиялық ахуалы анықталып отырды. Сонымен қатар мектеп медбикесі ұл балалар гигиенасының дұрыс сақталуын түсіндіру мақсатында «Тазалық – денсаулық кепілі» тақырыбында баяндама жасады. Ұлдар ұйымының кеңесінде сабақтан себепсіз көп қалатын және сабаққа жиі кешігетін оқушылармен де түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Көктем мезгілінде мектеп ұлдары мектеп ауласын тазарту әрлеу жұмыстарына да белсене қатысты. Сынып сағаттарын өткізу кезінде тәрбиенің жаңа технологиялары мен белсенді формалары пайдаланылды.

Мектебімізде «Тілдер мерекесі» ұйымдастырылып өткізілді. Мұнда оқушылар ұстаздарды, оқушыларды «Тілдер мерекесімен» үш тілде құттықтады. Содан соң қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде тақпақ, өлең айтып, би билеп және де осы апталықта болатын іс-шаралармен таныстырды.

5-11 сынып оқушылары «Тілдер мерекесіне» арналған қабырға газетін шығарды. Газет «Тілім – менің тірегім» тақырыбына арналды.

10-сыныпта «Туған жерге тағзым» дөңгелек үстел өткізді. Бұл дөңгелек үстелде оқушылар өз ойларын ортаға салып, талқылай білді және де өз ойларын тұжырымдай алды. Бұл сайыстың мақсаты: оқушылардың патриоттық, отаншылдық сезімін оята отырып, мемлекеттік тілді құрметтеуге тәрбиелеу.

Қазақ тілі пәнінің мұғалімі Р. Жорабекова 8-11 сыныптар арасында «Тілім- менің тірегім» тақырыбында эссе жаздырып, ең үздік эссе жазған оқушыға мақтау қағазы берілді.

Ағылшын пәнінің мұғалімдері Ж. Есалы мен Ж. Даулеталиева «Тіл- татулық тірегі» атты сыныптан тыс сабақ ұйымдастырды. Сабақтың мақсаты: халқымыздың әдеби бай мұраларын, шешендік өнерін, дәстүрін қадірлеуге тәрбиелеу.

М. Әбуова мен Ж. Ташболатова «Үш тіл білу заман талабы» атты 7^{а,б} сыныбында танымдық ойын өткізді. Ойынның мақсаты: оқушылардың ой-өрісін кеңейту, отан сүйгіш патриот азамат ретінде қалыптастыру. Оқушылар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сұрақтарға жауап берді. Үш тілде сөйлей білу – өмір талабы екенін оқушылар жақсы түсінді.

Оқушылар арасында «Көп тіл білу- баға жетпес байлық» атты сыныптан тыс сабақ өткізді.

Сабақта оқушылар әртүрлі тілде өз ойларын айтып, тақпақ, өлеңдер оқыды. Сонымен қатар Р. Жорабекова Ж. Аюбаева «Ән жүректің мұңы, тіл рухтың үні» атты әдеби сазды кеш ұйымдастырылып, апталық қорытыланды.

«Күз-мерекем, күз-берекем» атты алтын күз іс-шарасы өткізілді. «Алтын күз» іс-шарасына 8-10-сыныптар қатыстырылып, берекелі күздің айшықтары бойынша сайысқа түсті. 1 қазан күні ұлы мамандық иелеріне арналып, «Ұстаз, ұлағатым үлгі-өнегем» тақырыбында іс-шаралар өткізілді. Іс-шараның мақсаты ұстаздар күні — бұл дәстүрлі әрі бүкілхалықтық мереке. Ұлы ғұламалардың да ұстазы болған. Сондықтан да осы ұлы мамандық иелеріне арнап, төл мерекелерімен құттықтау, ұлы мамандыққа бас ию, құрмет көрсету. Өз

мамандығымызды сүю, жалпы ұстаздықтың терең сырларын ұғыну, бір — бірімізбен тәжірибе алмасу болды. Бұл күні мектебімізде «Ұстаздарға мың алғыс!» атты қабырға газеттері шығарылды.

Сонымен қатар бұл күні мектептің АКТ залында «Ұстаз, ұлағатым үлгі-өнегем» тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді. Мерекелік шарада мектеп директоры Қ.Қ. Қаратаев ұстаздарға арналған құттықтау лебізін білдірді.

Салтанатты мерекелік шараға 5-11 сынып оқушыларының қатысуымен концерттік бағдарлама жасалды. Оқушылар ұстаздарға арнаған мерекелік жылы лебіздерін өлең шумақтары, әндері арқылы жеткізді. «Ұстазым менің, ұстазым» әні арқылы мектеп оқушылары ұстаздарға деген өз алғыстарын білдірді. Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. «Кітап дегеніміз- алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап– мәңгілік парасаттың ең киелі ғибраты, қоғамның мәдени күштерін дамытудың қуатты құралы, қайнар бұлағы. Мәдени құндылықтарды жете түсінуді дамыту, сондай-ақ кітаптың білім таратудағы маңыздылығы мен оны сақтаудың құралы екенін айқындау. Оқырмандардың, оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын ояту, сапалы білім, саналы тәрбие алу үшін көп оқып, көп іздену керек екенін түсіндіре отырып, оларды адамгершілікке, мейірімділікке, әдептілікке тәрбиелеу, «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру мақсатында сабақтар асындағы 15 минуттық үзілісте оқушылардың кітап оқуы жүйелі жолға қойылған. «Оқуға құштар мектеп» жобасының мақсаты мектеп жасындағы балалардың кітапқа деген қызығушылығын оятумен қатар, танымдық-мәдени дамуына жол ашу. Оқушыларды оқу мәдениетіне тәрбиелеу, кітапқа деген құрмет пен сүйіспеншілігін қалыптастыру, тіл тазалығын сақтап, ұлттық тәрбиеге деген қызығушылығын ояту.

Оқушылардың кітап оқып отырған сәтінен

Дарынды ақын, зерттеуші Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына орай "Маса"-бәріміз бірге оқимыз" ("Бір ел-бір кітап" акциясы бойынша А. Байтұрсыновтың шығармалары) өлеңдер жинағын оқушылар арасында талқыланып сыр сұхбат жүргізілді.

Мақсаты: Оқырмандарға тіліміздің тазалығын сақтауды мақсат еткен Ахмет атамыздың тың еңбектерін насихаттау, дәріптеу, өмірбаянымен таныстырып, шығармаларын оқуға шақырды

Оқу мотивациясын жоғарылату мақсатында кітапхана жұмыс істейді. Кітапхана қоры – 26729 дана, оның ішінде 17098 дана оқулық, 9491 көркем әдебиет. Электрондық оқулықтар саны - 9. Оқырман саны – 725, келіп кетушілер саны – 6350, кітап беру саны – 9870.

Үйірме қатысатын оқушылар жайлы

Оқу жылы	Жалпы оқушы саны	Үйірмеге қамтылған жалпы оқушы саны	Мектептен тыс ақысыз үйірмеге қамтылған оқушы саны	Мектептен спорттық ақысыз үйірмеге қамтылған оқушы саны	Мектепшілік ақысыз үйірмеге қамтылған оқушы саны
2022-2023	675	280 (42 %)	26	99	155
2023-2024	745	499 (67 %)	10	47	442
2024-2025	690	490 (69 %)	15	57	418

Оқушының бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектебімізде жұмыстарына талдау жұмысы

жүргізілетін ақысыз үйірме

Оқу жылы	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Жалпы үйірме саны	11	15	18
Қатысатын оқушы саны	280	499	490

Оқушылардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, ауызбіршілікке, бірлікке баулу, мектеп белсенділерін басқаларға

үлгі етіп, бәсекеге қабілетті, білім және өнерге құштар, елінің тарихын білетін, тілін, дінін, әдет-ғұрпын, салт-санасын қастерлейтін, еңбекқор да салауатты, адами құндылықтар бойына қалыптасқан, әдетті, қайсар тұлғаны, өзін-өзі басқару арқылы қалыптастыру арқылы «Жалын» өзін-өзі басқару ұйымының жұмыстары жүйелі жолға қойылған. Мектеп белсенділерін сайлау барысын оқушылар арнайы орнатылған жәшікке өз парақшасын тастау арқылы дауыс беріп, мектеп Президентін сайлады. Өзін-өзі басқару ұйым мүшелері мектептің барлық қоғамдық жұмыстарына белсенді араласып, өткізілетін іс-шаралардың өту барысына толық қатысады.

Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен "1 Қазан - қарттар" күні мерекесіне орай ауыл тұғындары, Еңбек ардагерлерінің үйлеріне барып, шаруаларына қолғабыс жасап, еңбек жолындағы тәлім-тәрбиеге толы әңгімерін тыңдап қайтты.

Өзін-өзі басқару мүшелері мұғалімдер күніне орай «Ұлағатты ұстаздар» тақырыбында дублер күнін өткізді. нағыз мұғалім болудың қыр-сырын түсініп, сабақтарды жүргізудің маңызды екендігін сезіне алды. Күн қорытындысы бойынша дублер болған оқушылар өз пікірлерімен бөлісті және мұғалім болу тек қиын емес, қызықты екен деген ортақ ойға келді. Ұйым мүшелері

«Талапты да талантты» интеллектуалды ойын ұйымдастырды. ойын барысында оқушылар математикалық тапсырмалар мен логикалық тапсырмалардың ерекшеліктерін бағдарлап, мәдени түрде жауап беру ой ұшқырлығы мен шешендік сөйлеуді қоса игерді.

Оқушылар парламент мүшелері, пікірсайыстарға араластыруға, өз бетімен ізденуге, білім алу және жалпы шығармашылық белсенділігін арттыруға көзделіп, «*Ұшқыр ой алаңы*» Дебат клубы құрды. Клубтың іс-шара жоспары жасалып, нақты жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, сөздік мәдениетті қалыптастыру, ой-өрісті дамыту, сөздік қорын молайту мақсатында «Бізді тәрбиелейтін әдебиет әлемі ме,

әлеуметтік желі ме?», «Шет елге кету керек пе?» тақырыптарында

«Ұшқыр ой алаңы» ұйымы, дебат фракциясы жетекшілерінің ұйымдастыруымен 8 сыныптар арасында мектепішілік дебат ойыны болып өтті. Шара барысында әр фракция мүшелері нақты дәлелдер мен фактілерді көздей отырып, ойы мен пікірін еркін жеткізіп, ойлау қабілеттерінің жоғары екендігін дәлелдей білді.

Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру» бағдарламасын іске асыру мақсатында мектепте «Адал ұрпақ» клубы құрылған. Клуб мүшелерінің орындайтын жұмыстарына іс-шарасы жасалып, нақты жұмыстар жүргізіледі. Атап айтсақ, «Адал ұрпақ» ерікті ұйымы мүшелерінің қатысуымен «Жемқорлыққа жол жоқ!» дөңгелек үстелі өтті. Оқушылар «Сыбайлас жемқорлықты жою мүмкін бе?» тақырыбында шағын дебат ұйымдастырып, пікір таластырды. Мектеп оқушылары арасында орын алатын ұрлық үстіндегі сыбайластықты, сабақтан қашу кезіндегі сыныптастар арасындағы сыбайластықты бейнетаспаға түсіріп, шағын бейнеролик жасап, жасаған еңбектерін таныстырды. 5 сынып оқушылары адам бойындағы адалдық, адамгершілік жайында өлең жолдарын оқып,

